

УДК: 376.112.4

Д.Т. Салтаков

*педагогика ғылымдарының магистрі,
«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қарасай ауданының №9
облыстық психологиялық-медициналық-педагогтік консультациясы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы. Dos_89_89_89@mail.ru. Қаскелең қ. Қазақстан.*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АРНАЙЫ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Инклюзивті білім беру барысында арнайы педагог мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін дамыту ерекше орын алады. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын арнайы педагог мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру жолдары талқыланады.

Кілт сөздер: ерекше білім беру қажеттілігі, арнайы педагог, құзіреттілік, толеранттылық, әдістер.

Салтаков Д.Т.

*магистр педагогических наук, руководитель КГУ «Областная психолого-медико-педагогическая
консультация №9 Карасайского района» «Управление образования» Алматинской области
г. Каскелен, Казахстан.*

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Особое место в процессе инклюзивного образования занимает развитие профессиональных компетенций по специальности "специальный педагог". В данной статье обсуждаются реализация инклюзивного образования в общеобразовательных школах и пути формирования профессиональной компетентности специальных педагогических кадров.

Ключевые слова: особые образовательные потребности, специальный педагог, компетентность, толерантность, методы.

D.T. Saltakov

Master of pedagogical sciences

*Head of the municipal state institution "Regional psychological, medical and pedagogical consultation No. 9
of the Karasai district" of the state institution "Department of Education of the Almaty region".*

FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF SPECIAL PEDAGOGICAL PERSONNEL IN THE CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

A special place in the process of inclusive education is occupied by the development of professional competencies in the specialty "special teacher". This article discusses the implementation of inclusive education in general education schools, and the ways of forming professional competence in the specialty "special pedagogical" personnel.

Keywords: special education, specialty "special teacher", competence, tolerance, methods.

Құзыреттілік (competentia – лат.) – бұл өнімді іс-әрекет үшін белгілі бір заттар және процестер аясына қатысты қажетті білім мен әдістер жиынтығы; бұл – білім беру даярлығына қойылатын алдын ала берілетін талаптар. Педагогтың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі оның кәсіпқойлығының басты көрсеткіші және тиісінше білім беру процесін тиімді ұйымдастырудың негізін қалаушы шарты болып табылады. Құзіреттілік – әлеуметтік мәселе, сондықтан тек кәсіби емес, педагогтың жеке қасиеттері де белгілі бір мәнге ие болғандықтан, кәсіби құзіреттілік деп атау орынды сияқты. Құзыреттілік – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті. Біліктілік – адамның қандай да бір кәсіби еңбек қызметін орындауға деген дайындық деңгейі немесе біліктілік – кәсіпті меңгеру деңгейі. Біліктілік мінездемесі – қандай да бір біліктілік деңгейі бар нақты бір кәсіп маманы оны игеруге қажет білім, білік және дағдыларға

қойылған талаптар тізімі белгіленген мемлекеттік құжат. Кез-келген мұғалімді кәсіптік шеберліктің жоғары деңгейіне қол жеткізген маман ретінде қарастыруға болмайтыны белгілі. Солай бола тұра, ол кәсіптік тұрғыда өзін жетілдіруге мүмкіндік беретін құралдарды меңгеруі тиіс. Басқаша айтсақ, біліктілік арттыру ұйымында педагог болашақта кәсіби-тұлғалық күзіреттіліктің жоғары деңгейіне өтуіне ықпал ететін жұмыс түрлері ұйымдастырылуы тиіс. Бүгінгі таңда күзіретті маман қалыптастыруға арналған нақты бір амал айқындалмаған. Әдебиетте бірнеше негізгі амалдардың сипаттамалары кездеседі. Соның түйінділерінің бірі Н.Кузьмина ұсынған тұжырымдама деуге болады. Ол күзіреттілікті педагогке қажетті қабілеттер аясы арқылы анықтайды. Қалай дегенде де, күзіреттіліктің негізгі мәнін адамның кәсіптік әрекетте, кәсіптік қатынаста, кәсіби қалыптасуда пісіп жетілуі, өзіндік дербес қолтаңбасының пайда болуымен байланыстыруға болады. Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық күзіреттілігін қалыптастыру білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылады: оған пәндік білім мазмұны ғана емес, сонымен қатар кәсіби дағдылар мен біліктер де енеді. Мұның бәрі тұтаса келе, педагогтің тұлғасын дамытады, қалыптастырады, ол қызметінде, яғни, практикада өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру тәсілдерін игереді [1].

Инклюзивті білім беру жүйесінде арнайы педагогтар үшін психологиялық-педагогикалық күзіреттілік педагогтың кәсіби күзіреттілігінің жалпы құрылымындағы құрамдас элементі болып табылады, ол сондай-ақ коммуникативтік күзіреттілікті, риторикалық күзіреттілікті, когнитивті күзіреттілікті, кәсіби-техникалық және кәсіби-ақпараттық күзіреттілікті қамтиды [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында арнайы педагог мамандардың кәсіби күзіреттіліктерін қалыптастыру өте маңызды. Жалпы білім беру мекемелеріндегі арнайы педагог мамандар ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен олардың ата-аналарымен жұмыс жүргізу барысында кәсіби күзіреттіліктерін үнемі дамытып отырудың орны ерекше. Арнайы педагог мамандар кәсіби күзіреттіліктерін дамытып отырмаса онда олардың жұмысы жемісті болмақ емес. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде толеранттылық ұғымы: қандайда бір қолайсыз, жағымсыз факторлардың ықпалына сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде аландаушылықтың жоқтығы немесе әлсіреуі; психологиялық бейімділігін жоғалтпай адамның түрлі өмірлік қиындықтарға қарсы тұра алу қабілеті болып табылады.

Яғни, толеранттылық – шыдамдылық, сабырлық таныту, қызбалыққа салынбау, кез келген қиындыққа төзімділікпен қарау, барлық мәселелерді бейбітшілік жолымен шешуге тырысу деген мағынаны білдіреді.

Толеранттылық – фрустрациялық, стрестік жағдайларда ауыр сезімдерге бой бермей, психикалық тұрақтылықты сақтай алу. Толеранттылықты кейбір әдебиеттерде түрлі пікірлерге, ықпалдарға шыдамдылықпен қарау деп те түсіндіреді [3]. Қиыншылық туғызатын жағдайларға сабырлықпен қараудың маңыздылығын түсініп, оны іс жүзінде сақтай алған адамдар көп жағдайларда ұтымды нәтижеге қол жеткізе алады. Халық даналығындағы сабыр түбі – сары алтын деген мақалдында жиі қолданылуы осы себептен.

Ал осы идея жайлы француз педагогы Жан-Жак Руссо: Шыдаудың өзі ащы болсада, жемісі тәтті, – деген екен. Инклюзивті білім беру жүйесінде толерантты мінез-құлықты қалыптастыруда әдіснамалық көзқарасты теориялық талдау бізге толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәдениеті тұлғаны қалыптастыруда осы үдерістің білімдік және тәрбиелік бағыттармен арақатынасы нақты анықталғанда өзіне лайықты орнын алады деп қорытынды жасауға болады. Инклюзивті білім беруде педагогтар мамандар үшін кәсіби әрекет кезінде толерантты мінез-құлықтың қалыптасуы басты мәнге ие. Себебі төзімділік инклюзивті білім беру барысында тұлғаның басты қасиеті ретінде рөл атқарады. Демек, инклюзивті білім беруде педагог мамандармен оның айналасындағылардың психологиялық саулығы оның толерантты мінез-құлықты қалыптастыра білу деңгейіне байланысты. Педагог тарапынан ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға деген төзімсіздік көп жағдайда оқушының тәртібі мен жеке даму деңгейіне қойылатын талаптардың сәйкес келмеуіне байланысты қойылады. Бұл жағдайда көбінесе педагог тұрғысынан оқушыға деген жасырын немес ашық агрессия сипат алады. Бұдан білім беру үрдісінде даулы мәселелердің пайда болуы педагог мамандардың ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға деген төзімсіздіктің әсерінен екенін байқауға болады. Білім беру саласындағы кез-келген педагог маман толеранттылықтың қажетті қасиет екенін біледі, алайда толерантты мінез-құлықты қалыптастыра білуде қиналады. Өзі төзімсіздік танытатын педагог оқушыларды басқа адамдарға деген толерантты мәдениетке тәрбиелей алуы мүмкін емес.

Бұл қажеттілікті қанағаттандырудың тиімді жолы педагогтың бойында толерантты мінез-құлық қалыптастыра білуінде. Инклюзивті білім беру жағдайында арнайы педагогтардың танымдық (гностикалық) іскерлігі маңызды рөлге ие. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізу барысында арнайы педагогтардың танымдық қабілеттерін, интеллектуалдық мүмкіндігін, өз пәнін терең білуін, өзін-өзі танып білуін қамтиды және маман еңбегінің негізі болып саналады.

Танымдық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т.б. психикалық қасиеттердің бірлікте дамуы қажет.

Мысалы адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, кез келген жағдайда жол таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасау, салыстыру, сәйкестігін ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет. Бұл сапалар адамның үнемі жаттығу, өзін-өзі тәрбиелеу оқу, білім алу еңбек ету процестері барысында тұтас қалыптасады. Арнайы педагогтың қарым-қатынас (коммуникативтік) іскерлігі. Бұл іскерлік мұғалімнің адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Бұл іскерлікті қалыптастыру үшін алдымен адам басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта білуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін көзқарасын, мақсатын сөйлескен адамға, тыңдаушылар ұжымына түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында толеранттылыққа негізделіп оң шешім таба білу маңызды. Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, басқалармен тез араласа алатын жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Арнайы педагогтың рефлексивтік іскерлігіне тоқталсақ рефлексия деген сөз адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық жағдайларын талдап, ой елегінен өткізу деген мағынаны білдіреді. Педагогтың өз іс-әрекеттерін бақылап бағалауы, өзіне сырт көзбен қарап іс-әрекет нәтижелерінің тиімділігін талдауы, өзін басқалармен салыстыра отырып нені өзгертудің қажеттілігін түсінуі. Арнайы педагог маманның инновациялық іскерлігі де инклюзивті білім беру барысында ерекше орын алады. «Кемтар бала қалыпты баланың деңгейіне жетуі үшін қазіргі ерекше құралдарды қолданған жөн» (Л.С. Выготский).

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқыту процесінде қалыпты балаларды оқытуда пайдаланатын дәстүрлі әдістер жеткіліксіз. Сол себепті арнайы, өзгеше құрал-тәсілдерді пайдалану қажеттілігі өзекті мәселе. Кез келген оқу пәннің мазмұны көптеген өзгешілігімен сипатталады. Бұл жағдай әр пәнді оқытуда түрлі тәсіл мен құралдардың ерекше нұсқаларын пайдалануды білдіреді [4]. Арнайы педагогика мен психология саласындағы зерттеулер ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға заманауи инновациялық технологияларды пайдалану жағымды әсер етуі туралы көптеген нәтижелер көрсетеді. Сол себепті арнайы педагог маман түзете-дамыту жұмыстарында үнемі заманауи инновациялық технологияларды пайдалана білуі маңызды болып табылады. Ғылымдағы кәсіби құзыреттілік мәселесін зерттеуге деген қызығушылық бір өшіп немесе бір жаңа күшпен қайта жандана түседі. Құзыреттілікті теориялық қамту және оларды тәжірибе жүзінде қалыптастыру сияқты сұрақтарға зерттеушілердің назарын аудару әдетте экономикамызда, мәдениет пен білім беру саласында болып жатқан дағдарыстық жағдайларға сай келеді. Осы кезеңдері зерттеушілер жеке тұлға құрылысындағы ерекше компоненттерді шығаруға көп көңіл аударды. Бұл компоненттер жеке тұлғаға элеуметтік өзгерістерге бейімделуге, білімін толықтыру үшін ішкі ресурстарды табу, кәсіби іскерліктерін қазіргі жағдайға сәйкес өзгертуге, жаңартуға мүмкіндік беруі тиіс [5]. Қарастырылып отырған іскерліктер бір-бірімен тығыз байланысып келеді. Педагогикалық кәсіптің шебері болу үшін болашақ мұғалімдер осы аталған іскерліктерді өз бойларында дамытуға барлық күш-жігерлерін жұмылдырып, бәсекелестікке қабілетті, құзыреттіліктері жоғары ұстаз болып шығуға талпынулары қажет. Сондай жағдайда ғана бұл іс-әрекет табысты нәтижеге жеткізеді. Инклюзивті білім беру үдерісіне қатысушы арнайы педагогтардың құзыреттілігін арттырудың басты бағыты-өздігінен білім алу және өзін-өзі дамыту. Жалпы арнайы педагогтар – бұл жан-дүниесі өте кең, ерекше рухани құндылықтарға ие, мейірімді, ақ көңілді, жан-жақты кәсіби құндылықтар жүйесін меңгерген, өзінің кәсіби әрекетін нәтижелі әрі сәтті болатынына сенімді тұлға. Оның кәсіби әрекеті соншалықты кең, тіпті оған элеуметтік – мейірімділік акциялардың жетекшісі және белсенді қатысушысы болуына, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың құқығын қорғаушы болуына тура келеді. Сол себепті арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін үнемі дамытып отыруы бұл заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маркова А.К. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі /2009
2. Инклюзивті білім беру үдерісінде қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 200 б.
3. Олигофренопедагогика негіздері. Оқу-әдістемелік құрал құрастырушылар: Ж.Т. Измайлова, Г.Б. Туралина, С.А. Абилева. – Павлодар, ПМПИ, 2012 ж.
4. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы: Оқу құралы. – Алматы: 2008.
5. Симен-Северская О.В. Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе: Автореф. дис. канд. пед. наук. – Ставрополь, 2002